

"Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 4 тамыз N 672. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995.04.10. N 459 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысын орындау үшін әрі материалдық және қаржы ресурстарын шоғырландыру, фармацевтиканың өндірістік базасын дамытуды жеделдету, жаңа нарықтық құрылымдарды қалыптастыру, сондай-ақ саланы мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Республикалық "Фармация" өндірістік бірлестігінің, дәрі-дәрмек, биопрепараттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар өндіру жөніндегі "Қазфармбиоөнеркәсіп"* Қазақ мемлекеттік концернінің қосымшаға сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдардың базасында "Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

<*> Бұдан әрі текст бойынша - "Қазфармбиоөнеркәсіп" мемлекеттік концерні.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Республикалық "Фармация" өндірістік бірлестігімен және "Қазфармбиоөнеркәсіп" мемлекеттік концернімен бірлесе отырып "Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясының жарғылық қорын құрау жөніндегі жұмысты бір ай мерзімде аяқтасын.

<*>

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 қарашадағы N 1090 қаулысы бойынша осы қаулының 3 тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дәрі-дәрмек,

биопрепараттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар өндіру жөніндегі
Қазақ мемлекеттік "Қазфармбиоөнеркәсіп" концернінің мәселелері"
1991 жылғы 12 желтоқсандағы N 779 қаулысының күші жойылған деп
танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 4 тамыздағы
N 672 қаулысына
қосымша

"Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясының
құрамына енгізілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың

Т І З Б Е С І

1. Республикалық "Фармация" өндірістік бірлестігі
2. Ақмола облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
3. Ақтөбе облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
4. Алматы облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
5. Алматы қалалық "Фармация" өндірістік бірлестігі
6. Атырау облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
7. Шығыс Қазақстан облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
8. Жамбыл облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
9. Жезқазған облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
10. Батыс Қазақстан облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
11. Қарағанды облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
12. Қызылорда облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
13. Көкшетау облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
14. Қостанай облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
15. Маңғыстау облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
16. Павлодар облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
17. Солтүстік Қазақстан "Фармация" өндірістік бірлестігі
18. Семей облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
19. Талдықорған облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
20. Торғай өндірістік "Фармация" өндірістік бірлестігі
21. Оңтүстік Қазақстан облыстық "Фармация" өндірістік бірлестігі
22. Қалалық "Фармация" өндірістік бірлестігі, Ленинск қаласы

23. "Фармация" РӨБ мамандандырылған автокөлік кәсіпорны
24. Мемлекеттік "Қазфармбиоөнеркәсіп" концерні, Шымкент қаласы
25. Алматы фармацевтік фабрикасы
26. Шымкент Ф. Э. Держинский атындағы химия-фармацевтік зауыты
27. Шымкент гидролиз зауыты
28. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласындағы азықтық
антибиотиктер зауыты
29. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданындағы "Дәрмене" совхозы
30. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданындағы Фрунзе атындағы
совхозы